11.07.2024ж
№504-2284

«Астана қаласы әкімдігі атқарушы органдарының кейбір мәселелері туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 5 қазандағы № 01-2780 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Астана қаласы әкімдігінің атқарушы органдарының кейбір мәселелері туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 5 қазандағы № 01-2780 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға 24-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін уақытша атқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен заңды тұлғаны әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Глотовқа жүктелсін.

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Астана қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін

Әкім **Ж. Қасымбек**

Әкімнің бірінші орынбасары **Н. Нұркенов**

Әкімнің орынбасары **Е. Байкен**

Әкімнің орынбасары **Е. Глотов**

Әкімнің орынбасары **Е. Өтебаев**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы **Д. Ешкеев**

«Астана қаласының Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы **Ә. Жұмаев**

«Астана қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы **Қ. Маңқараев**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары **Ж. Шаукентаев**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы **Т. Мусин**

«Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін уақытша атқарушы **Д. Сүлейманов**

Астана қаласы әкімдігінің
2024 жылғы «11» шілдедегі
№504-2284 қаулысына
қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 5 қазандағы
№ 01-2780 қаулысына
24-қосымша

«Астана қаласының Цифрландыру және
мемлекеттік қызмет басқармасы»
мемлекеттік мекемесі туралы
ереже

1- тарау. Жалпы ережелер

1. «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) инновациялық қызмет, байланыс, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ақпараттандыру, цифрландыру, «электрондық үкімет», мемлекеттік қызметтер көрсету салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, С. Сейфуллин көшесі, № 27.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарма өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) автоматтандыру жолымен мемлекеттік органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер көрсету үдерістерін жетілдіру және оңтайландыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) мемлекеттік және коммерциялық көрсетілетін қызметтерді әзірлеу, пысықтау жөніндегі техникалық құжаттаманы келісу және бекіту, ақпараттық жүйелер жұмысының мониторингін жүзеге асыру;

3) инновацияларды дамытуға және енгізуге ықпал ету, инновациялық бағыт бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

5) ақпараттандырудың жаңа үлгісін дамыту, нормативтік-техникалық құжаттаманы сараптау;

6) Астана қаласының аумағында цифрландыруды дамыту, сондай-ақ «Smart Sity» тұжырымдамасының ең үздік шешімдерін енгізуге қатысу;

7) Басқарманың қарамағындағы Денсаулық сақтау объектілерінің, Астана қаласының коммуналдық меншігіне кіретін әлеуметтік объектілердің бейнебақылау камераларының жай-күйін жүргізу және есепке алу.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

1.1) белгіленген тәртіппен орталық мемлекеттік органдардан және олардың аумақтық бөлімшелерінен, Астана қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшелерінен (бұдан әрі әкімдік) және өзге де ұйымдардан осы Ережеде айқындалған функцияларды орындау үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды сұрату және алу;

1.2) белгіленген тәртіппен орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен мамандарын тарта отырып, Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңес өткізу;

1.3) әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қарастыру үшін Басқарма ғылыми-экономикалық кеңес, комиссия және өзге де консультативтік органдар құра алады;

1.4) әкімдікке Астана қаласының дамуындағы басымдықтарын, мақсаттарын айқындау, реттелмелі қарым-қатынас мәселелері бойынша және әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінің оларды орындауын бақылауды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

1.5) Басқармаға жүктелген міндеттерді орындау үшін кәсіпорындардан, ұйымдардан және мекемелерден қажетті мәліметтерді, анықтамаларды, құжаттарды сұрату және алу;

1.6) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын, сондай-ақ отандық және шетелдік сарапшылар мен мамандарды жұмысқа тарту;

1.7) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жұмыс топтарын және комиссияларды құру;

1.8) жергілікті атқарушы биліктің басқа да мемлекеттік органдарымен өзара қарым-қатынасын жүзеге асыру;

1.9) ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

1.10) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңес шақыру;

1.11) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттері:

2.1) Басқарманың қызметіне қатысты мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісуді жүзеге асыру;

2.2) әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының ақпараттық жүйелерін әзірлеуге, жаңғыртуға және пайдалануға, ақпараттық технологияларды әзірлеуге, енгізуге және ақпараттық жүйелерді пайдалануға, құруға және пайдалануға, оның ішінде ұсыныстар беруге байланысты мәселелер бойынша тауарлар сатып алуға және қызметтер көрсетуге арналған мәселелер бойынша конкурстық құжаттаманың техникалық сипаттамасын келісуді жүзеге асыру;

2.3) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған тұлғаларға қатысты шаралар қабылдау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға материалдар жіберу;

2.4) қуыным, кінарат-талап қою, сотта талап қоюшы және/немесе жауапкер ретінде әрекет ету;

2.5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;

2.6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел басқарудағы мүлікті иеленуді, пайдалануды және қарамағында ұстауды жүзеге асыру.

15. Қызметтері:

1) өз құзыреті шеңберінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге және келісуге, сондай-ақ Басқарма әзірлеушісі болып табылатын немесе оның құзыретіне кіретін актілерге қатысты құқықтық мониторинг жүргізуге қатысу;

2) мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру үшін әкімдіктің барлық құрылымдық бөлімшелерінің ақпараттық жүйелерін дамыту және оларды «электрондық үкімет» инфрақұрылымымен біріктіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері көрсететін мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жоспарларды келісуге қатысады, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

4) әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдары көрсететін мемлекеттік қызметтерді ішінара немесе толық автоматтандыруды қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру, сондай-ақ оларға консультациялық көмек көрсету және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге қатысу жұмыстарын үйлестіру;

6) мемлекеттік қызметтерді бақылау және электрондық форматқа ауыстыру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас жұмыстарын үйлестіру;

7) ақпараттық жүйелердің жұмыс қабілеттілігін дамыту және қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты және олардың мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара қарым-қатынасын бақылау;

8) мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру саласында тоқсан сайынғы және келешек (жылдық) жұмыс жоспарларын жасау;

9) Басқарманың қарамағындағы мәселелерге қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Астана қаласы әкімінің шешімдері мен өкімдерін әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының орындауын тексеруді жүзеге асыру;

10) мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру бойынша әлемдік тәжірибені зерттеу және оларды электрондық форматта ұсыну бойынша жұмыстарды үйлестіру;

11) Басқарма құзыреті шегінде жобалар бойынша мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар өткізуді қамтамасыз етуге қатысу;

12) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам арқылы көрсетілуге жататын мемлекеттік қызметтерді іріктеу жөніндегі мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссияға қатысу;

13) Астана қаласының экономикасы мен өмір сүру аясының негізгі салаларына заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуге және дамытуға арналған жағдайды қамтамасыз ету;

14) әкімдіктің электрондық ақпараттық ресурстарын толықтыруды, олардың анықтығы мен өзектілігін қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

15) өз құзыреті шегінде тұжырымдаманы, конкурстық құжаттаманы және жергілікті МЖӘ жобалары шарттарының жобаларын әзірлеу;

16) өз құзыреті шегінде жергілікті МЖӘ жобаларына қатысты конкурсты, не болмаса тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы ретінде әрекет ету;

17) өз құзыреті шегінде жергілікті МЖӘ жобалары бойынша шарттар жасау;

18) өз құзыреті шегінде жергілікті МЖӘ жобалары мен шарттардың іске асырылуына мониторинг жүргізу;

19) ашық деректердің интернет-порталында мемлекеттік және орыс тілдерінде ашық деректерді орналастыруды ұйымдастыру;

20) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай тұғырнамасында ақпаратты орналастырады, сондай-ақ олардың анықтығы мен өзектілігін қамтамасыз ету;

21) уәкілетті органмен келісім бойынша ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректердің тізбесін әкімдіктің бекітуіне жіберу;

22) Астана қаласында инновацияларды дамытуға және қолайлы инновациялық экоорта құруға атсалысу;

23) МЖӘ жобаларына мемлекеттік серіктес ретінде қатысу;

24) Астана қаласының инновациялық қызметін дамытуды қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету;

25) ақпараттандырудың жаңа моделін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысқа қатысады;

26) инвестициялық ұсыныстарды қарастырады;

27) «Smart Sity» тұжырымдамасын іске асыру мәселелері бойынша жұмысты үйлестіру;

28) отырыстарға материалдар дайындауға және цифрландыру саласындағы тоқсан сайынғы және келешек (жылдық) жұмыс жоспарларын жасауға қатысу;

29) цифрлық сауаттылықты арттыру үшін жағдай жасайды;

30) «бір терезе» қағидаты бойынша жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету бойынша қалалық орталықтар қызметінің жұмысын ұйымдастырады;

31) халықтың тыныс-тіршілігі, тіршілікті қамтамасыз ету, қауіпсіздік, денсаулық сақтау, білім беру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, коммуналдық кәсіпорындармен, ұйымдармен, басқарушы компаниялармен өзара іс-қимылын ұйымдастырады, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау мен өңдеуді жүргізеді;

32) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды іске асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

33) ақпараттандыру және цифрландыру саласындағы іс-шараларды орындайды;

34) цифрландыру және ақпараттандыру саласындағы жобаларды іске асырады;

35) «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізеді.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшының мәртебесі, өкілеттігі

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарының және Басқарма бөлімдері басшыларының міндеттерін айқындайды және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

2) Басқарма қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) Басқарма қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Басқарманың барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Басқарманың атынан өкілдік етеді.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірісті қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.